



...El birligin saқтаған tatýlyqty ait! Jambyl АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken_press



atameken1932@bk.ru

№ 41 (6293)
11 қазан,
сенбі, 2025 жыл

Газет 1932 жылдан
бастап шығады

Нұрғиса
Тілендиев
100
жыл

ӨНЕР МЕН РУХТЫҢ ТОҒЫСҚАН ТОЙЫ



Қойнауы құт пен ырысқа толы, ақындар мен батырлар елі атанған қасиетті Жамбыл ауданы тағы да өнердің ұлы мерекесіне куә болды. Қазақтың ұлы композиторы, даңқты дирижер, дәулескер домбырашы, Қазақстанның халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген ауқымды мәдени іс-шаралар ел рухын көтеріп, ұлттық өнеріміздің қадірін тағы бір мәрте асқақтатты.

Мерейтой аясында әйгілі күйшінің өмірі мен өнеріне арналған «Мәзстро» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Бұл шараға аудан әкімі Нұрлан Ертас, қазақ айтысының қара нары, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері Жүрсін Ерман және ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлері қатысып, жаңа кітаптың лентасын қиды.

Астанадан тойға арнайы келген танымал айтыскер ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Надежда Лушников:

Сүйінбай, Жамбыл жұртынан,
Сәлем салдым, қабыл ал!
Жүрегімнің төрінде,
Бірің шекер, бірің бал!

Бір жасатып Сіздермен,
Замандас етті уақыт.

Өздерімен бір көште,
Жүрудің өзі бір бақыт! — деп, жырдан шашу шашты.

Аудандық мәдениет үйінде өткізілген аламан айтыстың бас демеушілері — мемлекет және қоғам қайраткері Мейрамбек Таймерденов пен «Қайрат» шаруа қожалығының төрағасы Еділ Мейрамбекұлына көпшілік атынан ерекше алғыс айтылды.

Жыр додасын ғалым, ақын, айтыс шебері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай жүргізіп отырды. Сахна төріне шыққан ақындар от ауызды, орақ тілді сөз сайысында өз өнерлерін көрсетіп, көрерменге рухани әсер сыйлады.

Бірінші айналымнан кейін финалға 6 ақын іріктеліп шықты. Тіл мен ойдың ұшқырлығын танытқан ақындар жұптасып айтысты:

• Рауан Қайдар — Айым Асылбекқызы
• Нұрлыбек Мейрманов — Мұрадым Мирланов



- Нұрсұлтан Молдыбаев — Мейірбек Сұлтанхан
- Кутман Садыбақасов — Сұлужан Таубалды
- Асланбек Шұғатай — Ержан Өміров
- Ұларбек Минатхан — Жұлдыз Қожабекова.

Жарыс қорытындысы бойынша Қызылорда облысының ақыны Мейірбек Сұлтанхан бас жүлдеге ие болып, жүлде ретінде тігілген «Changan» автокөлігін жеңіп алды. Бірінші орын Қырғызстаннан келген Нұрсұлтан Молдыбаевқа, екінші орын Павлодарлық Асланбек Шұғатайға, үшінші орын Жетісулық Ұларбек Минатханға бұйырды. Ал ынталандыру жүлдесін Жұлдыз Қожабекова мен Ержан Өміров иеленді.

Жүлдегерлерге 2,5 миллион теңге көлемінде сыйақы табысталды, ал қалған қатысушылар 400 мың теңгеден иеленді.

Мерейтойдың негізгі бөлігі Көкбастау атшабар алаңында жалғасты. Алаң төрінде тігілген киіз үйлер, ұлттық нақышпен безендірілген сахна мерекенің сәнін

арттырды. Күн райы да мерекеге ерекше шуақ сыйлағандай болды — таңмен таласа Көкбастауға ағылған халықтың қуанышы жүздерінен көрініп тұрды.

Меймандар алдымен Жамбыл ауылындағы ақын музейіне барып, жыр алыбы Жамбыл Жабаев пен күй атасы Нұрғиса Тілендиевтің ескерткіш кесенесіне Құран бағыштады.

Сахна төрінде әйгілі «Отырар сазы» оркестрі, бас дирижер әрі көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Нұрғиса Тілендиевтің қызы Дінзұхра Тілендиева басқаруымен өнер көрсетті. Көрермен қауым оркестрдің орындауындағы «Ата толғауы», «Көш керуен», «Махамбет», «Менің бабам Қарасай» секілді күйлерге тәнті болды.

Мерекеге Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, мемлекет және қоғам қайраткері Серік Ұмбетов, ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері Нұрлан Оразалин сынды тұлғалар қатысып, Нұрғиса атамыздың ұлт руханиятындағы мәңгілік орнын ерекше атап өтті. Сондай-ақ ҚР Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауы да көпшілік назарына оқылды.

Мерекенің қызған тұсында аламан бәйге басталып, атшабарды тұлпар тұяғының дүбірі тербеді. — Құнан бәйгеде Жамбыл облысынан Нұрғали Жайлауовтың «Бойтұмары» мәреге бірінші келіп, Chevrolet Cobalt автокөлігін жеңіп алды.

— Топ бәйгеде Абай облысынан Қазезов Нұрланның «Қалқаман» дара шығып, Changan Unis автокөлігінің иегері атанды. — Ал Аламан бәйгеде Жетісу облысынан Марат Ақперлиновтың «Жұмыртұяғы» топ жарып, бірінші орынның



жүлдесі — Hyundai Tucson автокөлігін қанжығасына байлады. Ал екінші орын Алматы облысынан Сапарғали Сәтпаевтың «Сарматына» бұйырып, Chevrolet Nexia автокөлігін еншіледі. Қалған жүлдегер ат иелері қаржылай марапатталды. Жүлделі шабандоздарға марапатты мемлекет және қоғам қайраткері Серік Ұмбетов, аудан әкімі Нұрлан Ертас, сондай-ақ депутаттар табыс етті.

Ұзақ күнге жалғасқан мерейтойлық шаралар Нұрғиса Тілендиевтің мәңгілік мұрасына тағзым етуге арналды. Өн мен күй тербеген сахна, ақындар айтысы мен сөйгүліктер бәйгесі — барлығы ұлы тұлғаның рухын ұлықтаған ел бірлігінің көрінісіндей болды.

Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойы — тек өнер мерекесі емес, ұлттық рухты жаңғыртқан, ұлттың ұлы перзентіне деген құрметтің айғағы ретінде ел есінде қалды.

Тұрсынжан ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН

БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті аудан тұрғындары!
Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабарлар ететін Жамбыл аудандық «Атамекен» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды.



АТАМЕКЕН

– бүгінгі жаршымыз,
ертенгі тарихымыз

Атамекен – біздің түп қазығымыз,
Атамекен – рухани азығымыз.
Тіршілігін ауданның білем десең,
Басылымға тартынбай жазылыңыз!

Қагірлі біздің оқырман!

Сүйікті газетіңізге 2026 жылға

жазылу науқаны басталды!

Газетіміздің қағаз және электронды нұсқалары сізге дер кезінде жеткізіліп, ауыл-аймақтың тыныс-тіршілігін, ел жаңалықтарын, маңызды оқиғаларды уақтылы біліп отыруға мүмкіндік береді. Электронды нұсқаға жазылған жағдайда — жаңалықтарды өзгелерден бұрын, дәл сол сәтте ұялы телефоныңыздан немесе компьютеріңізден оқи аласыз.

Жазылу – болашаққа бағытталған сенім, рухани серігіңізге адалдық!

Толығырақ ақпарат алу үшін редакцияға хабарласыңыз:

Ұзынағаш ауылы, Мақтаев көшесі

№ 164 «А» үй

2-44-28, 2-44-27 8-708-673-93-64



Қазақстан халқы Ассамблеясы – тұрақтылықтың тірегі

Жуырда аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында «Ассамблея. Парламент. Мәслихаттар.» жобасы аясында «Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі ішкі тұрақтылықтың кепілі» атты кездесу ұйымдастырылды. Аталмыш шараға этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық және облыстық деңгейдегі мәслихат депутаттары қатысты.



Бұл іс-шараға аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы төрағалық етті. Ол өз сөзінде: — «Этносаралық келісім – біздің басты байлығымыз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Қазақстан халқының бірлігі – Тәуелсіздігіміздің тірегі. Бұл бағытта Ассамблеяның қоғамдық құрылымдары – Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, этномәдени бірлестіктер маңызды жұмыс атқаруда. Бүгінде Жамбыл ауданында 170 мыңнан астам халық тұрады, оның ішінде 30-ға жуық этнос өкілі бар. Олар негізінен 8 ауылдық округке шоғырланған. Этносаралық татулықты нығайту мақсатында ауданда төрт этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Атап айтқанда, татар және башқұрт, түрік, ұйғыр және орыс орталықтары мәдени және рухани байланысты нығайтуға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Бұдан бөлек, ауданда 1 аудандық, 24 ауылдық округтік Ақсақалдар кеңесі және Аналар кеңесі бар. Бұл құрылымдар отбасы құндылықтарын дәрiптeуге, жастар тәрбиесіне, құқық бұзушылықтың алдын алуға және қоғамдық келісімді нығайтуға өз үлесін қосып келеді. Сондай-ақ,

облыстық Ассамблеяның төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Қуат Сұлтанұлы Байғоджаев жиналған қауымға өзінің мазмұнды баяндамасын ұсынып, Ассамблеяның қазіргі тандағы рөліне тоқталды. Бұдан соң сөз кезегі облыстық татар-башқұрт этно-мәдени орталығының төрағасы Ильдар Юлдабаевқа, Жамбыл аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрлан Ахметжановқа, Аналар кеңесінің төрайымы Гүлзира Нұриқызына және этномәдени бірлестіктердің өзге де өкілдеріне берілді. Қатысушылар өз сөздерінде этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты сақтауда Ассамблеяның маңызын атап өтіп, болашақтағы бірлескен жұмыстың бағыттары бойынша ұсыныстарын білдірді.

Шара барысында пікір алмасу мен сұрақ-жауап кезеңі ұйымдастырылып, қатысушылар өз ойларын ортаға салды. Жиын соңында ауданның құрметті ақсакалы Әлқожа Баққожаұлы ақ батасын беріп, кездесуді қорытындылады.

Әйгерім ӘБУ
АТАМЕКЕН

Ел қорғаған ердің ерлігі ұлықталды

8 қазан күні ел қорғаны Медетбек батырдың 200 жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өтті. Шараға аудан басшылары, қоғам қайраткерлері, батыр ұрпақтары мен зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ аудан тұрғындары мен жастар қатысты. Ең алдымен жиналған жұртшылық баһадүр батырдың еңселі ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

Кештің шымылдығы аудандық мәдениет үйінде батыр өміріне арналған деректі фильмнің көрсетілімімен ашылды. Отыз минутқа созылған бейнежазбада Медетбек батырдың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлігі, тарихи кезеңдегі күрделі оқиғалар мен батырдың тұлғалық болмысы кеңінен көрсетілді.

Фильм соңында шарада отырған жұрт батыр рухына тағзым етіп, ұзақ қол соқты. Одан кейін сахна төріне жүргізушілер көтеріліп, ел тарихындағы елеулі тұлғаның ерлік жолына тоқталды.

Жиын барысында Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертасұлы сөз сөйлеп, батырдың ұлт тарихындағы орны мен оның ерлігінің мәңгілік маңызын атап өтті. — «Медетбек батыр — әділдік пен ерліктің, ел мен жерге деген сүйіспеншіліктің символы. Осындай тұлғалардың рухы — тәуелсіз Қазақстанның рухани тірегі», — деді аудан басшысы өз сөзінде.

Келесі сөз Халықаралық түркі әлемі телестудиясының бас директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Догдырхан Тұрлыбекке берілді. Ол өз сөзінде батыр баба жайлы жазған еңбектері мен түсірген деректі фильмдері туралы айтып, ел тарихын ұлықтаудағы жауапкершілікті атап өтті.



Сондай-ақ сахнаға Мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант, батырдың ұрпағы Әділ Шаяхметұлы көтеріліп, туған жеріне, ата-баба рухына деген ыстық ықыласын білдіріп, батыр ұрпақтарының атынан алғыс айтты.

Мерекелік жиында ел дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға мерекелік марапаттар мен Алғыс хаттар табысталды. Бұл сәт көрермендердің ерекше ықыласына бөленді.

Саурық батыр атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Зинагүл Лукебекқызы Адыбаева: — «Медетбек батырдың ерлігі — мектеп бағдарламасында кеңінен насихатталуы тиіс. Өйткені, ол ұлттың бірлігі мен намысын қорғаған тұлға», — деп батырдың өмірі мен тарихи қызметіне тоқталып, жас ұрпаққа арналған тағылымдық ойын тілге тиек етті.

Шараның концерттік бағдарламасы мазмұнды да әсерлі өтті. Сахна төрінде ауданның талантты өнерпаздары өнер көрсетті.

Кеш соңында «Сүйінбай сазы» ансамблінің әншілері «Жамбыл ауданы» әнін орындап, мерекелік кешті әсерлі нотада түйіндеді. Медетбек батырдың 200 жылдық мерейтойына арналған бұл шара — тарихқа тағзым, ұрпаққа аманат болған рухани мереке болды. Батырдың есімі мен ерлігі ұрпақ санасында мәңгі сақталып, елдік пен бірліктің нышанына айналары сөзсіз.

Т.АСҚАРҰЛЫ
АТАМЕКЕН

Нұрғиса Тілендиев
100 жыл

Мемлекет басшысы Нұрғиса Тілендиевтің ескерткішінің ашылуына орай құттықтау жолдады

Халық қаһарманы, аса көрнекті мәдениет және өнер қайраткері, біртуар композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай туған жері – Алматы облысындағы Өтеген батыр ауылында ұлы тұлғаның ескерткіші бой көтеріп, жаңа мәдениет үйі ашылды.

Салтанатты іс-шараға ҚР Мәдениет және Ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, қоғам және мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен өнер майталмандары қатысты.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінде ескерткіштің ашылуы халқымыздың әйгілі тұлғаға деген айрықша құрметі мен ыстық ықыласының белгісі екенін атап өтті.

«Нұрғиса Тілендиев өркениетіміздің өрісін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты, еліміздің мәдени мұрасын жаңғыртуға, қазақтың ән-күйін жер жүзіне танытуға зор еңбек сіңірді. «Отырар сазы» оркестрінің негізін қалап, ұлтымыздың рухани дүниетанымын байыта түсті. Ол алтын қорымызға енген пьесалар мен фильмдерге музыка жазып, театр және кино саласында кайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Нұрғиса Тілендиевтің теңдессіз мұрасы әлі талай ұрпаққа тағылым берері сөзсіз. Оның есімі қазақ мәдениетімен бірге мәңгі жасай береді», – делінген құттықтау хатында.

Мемлекет басшысының мерейлі сәтке орай жолдаған лебізін жеткізген Аида Балаева өз сөзінде: «Ұлы композитор халқымыздың тарихымен тағдырын, қуанышы мен қайғысын, арман-мұратын өнермен өрнектеп, артында мол мұра қалдырды», – деп Н.Тілендиевтің 100 жылдығына орай елімізде және шетелде ауқымды мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып жатқанын да тілге тиек етті.

Атап айтқанда, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы 2025 жылды «Нұрғиса Тілендиев жылы»



деп жариялап, Анкарада көрме, деректі фильм көрсетілімі мен композитор шығармаларынан концерт өткізді. Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Шабыт бастауы» атты көрме ашылып, АҚШ-та Карнеги-холда арнайы экспозиция, Бейжіңде «Құстар қайтып барады» атты шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Сондай-ақ Мәскеу, Франкфурт, Бішкек, Алматы және Түркістан қалаларында түрлі концерттер мен фестивальдер өтті.

Келесі кезекте салтанатты жиында сөз алған Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев:

«Бүгін біз ұлы композитор, дирижер, Қазақстанның халық әртісі, халқымыздың мақтанышы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған маңызды оқиға – еңселі ескерткіш пен мәдениет үйінің ашылу салтанатына жиналды. Мемлекет басшысы

«КӨРКЕМ ОЙ. КӨРКЕМ СӨЗ. КӨРКЕМ ТІЛ» VI ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

26 қыркүйек күні Жамбыл ауданында орналасқан № 2 Ұзынағаш орта мектебінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мемлекеттік тіл – этносаралық қатынас тілі» жобасы аясында қазақ тілін жетік меңгерген этнос өкілдері арасында облыстық байқау өтті. Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілді насихаттау, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

Байқау үш кезеңнен тұрды: «Көркем тіл» кезеңінде қатысушылар қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтің 190 жылдығына арналған «Даланың дара дарыны – Ш.Уәлиханов» тақырыбында презентация дайындап, интерпретациялады.

«Көркем сөз» кезеңінде Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына орай акын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Байқауға 17-22 жас аралығындағы азаматтар, оның ішінде, мектеп оқушылары, студент жастар және мемлекеттік, бюджеттік мекемелердің қызметкерлері қатысты.

Байқау нәтижесінде 1-орынды Іле ауданы «Евразия» оптомаркетінің операторы Крылова Анжела иеленсе, 2-орынды Жамбыл ауданы, «Мәтібұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» КММ маманы Азатова Изатгул және Еңбекшіқазақ ауданы Төле би атындағы орта мектебінің 11-сынып оқушысы Давришева Дарья еншіледі.

Ал 3-орын Еңбекшіқазақ ауданнан қатысқан Петр Вихрев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Закиров Имран мен Төле би атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Манзулов Мамедке және Қарасай ауданы, Қаскелең гуманитарлы-техникалық колледжінің бастауыш білім беру мамандығының 3-курс студенті Батыр Гюзальға бұйырды.

VI ОБЛАСТНОЙ КОНКУРС «КӨРКЕМ ОЙ. КӨРКЕМ СӨЗ. КӨРКЕМ ТІЛ»

26 сентября 2025 года в селе Ұзынағаш Жамбылского района в рамках проекта Ассамблеи народа Казахстана «Государственный язык – язык межатнического общения» прошёл областной конкурс среди молодежи разных этносов, свободно владеющих государственным языком.

Цель конкурса – популяризация государственного языка, формирование казахстанской идентичности, укрепление общественного согласия и единства народа.

Конкурс состоял из трёх этапов: В этапе «Көркем тіл» участники готовили и представляли презентацию на тему, посвящённую 190-летию великого казахского учёного Шокана Уалиханова – «Даланың дара дарыны – Ш. Уалиханов».

В этапе «Көркем сөз» конкурсанты выразительно читали наизусть стихи поэта Міржақып Дулатұлы, приуроченные к 140-летию со дня его рождения.

В конкурсе приняли участие граждане в возрасте от 17 до 22 лет – школьники, студенты и сотрудники государственных бюджетных организаций.

По итогам конкурса: 1 место заняла Анжела Крылова, оператор оптомаркета «Евразия» Илийского района; 2 место – Изатгуль Азатова, специалист КГУ «Аппарат акима Матибулакского сельского округа» Жамбылского района, и Дарья Давришева, ученица 11 класса КГУ «Средняя школа имени Толе би» Енбекшиказахского района;

3 место разделили Имран Закиров, ученик 11 класса КГУ «Средняя школа имени Петра Вихрева» Енбекшиказахского района, Мамед Манзулов, ученик 11 класса той же школы имени Толе би, и Гюзаль Батыр, студентка 3 курса специальности «Начальное образование» Каскеленского гуманитарно-технического колледжа Карасайского района.

«Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ-нің Жамбыл аудандық филиалы.

Қоғамдық талқылау

«Teniz LTD» ЖШС 2025 жылғы қазанның 21-нен бастап 10 жұмыс күні ішінде «Алматы облысындағы №1 учаске (Шығыс) Шығанақ кен орнында құрылыс тастарын өндіру операциясының зардаптарын жою жоспары» жобасы бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Ескертулер мен ұсыныстар білдіру үшін жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> Discussion/DisPublic «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталындағы «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінен танысуға болады. Жобаға тапсырыс беруші – «Teniz LTD» ЖШС, заңды мекенжайы: ҚР, Астана қаласы Нұра ауданы, Ұмай Ана көшесі № 15 ғимарат, н.п. 87, (БСН 190340029590), директор: Смагулов Д.С., тел. 8 (775)8225176. Жергілікті атқарушы орган – «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Тел. +7(727)7223227, e-mail: priroda@zhetysu.gov.kz; 329267eco@mail.ru.

Общественные обсуждения

ТОО «Teniz LTD» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений с 21 октября 2025 года, в течение 10-ти рабочих дней по проекту «План ликвидации последствий операции по добыче строительного камня на месторождении Шиганакское участок №1 (Восточный) в Алматинской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> Discussion/DisPublic в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» для предоставления замечаний и предложений. Заказчик проекта – ТОО «Teniz LTD», юр. адрес: РК, г.Астана, район Нұра, ул. Ұмай Ана, дом 15, н.п. 87, БИН 190340029590, директор: Смагулов Д.С., тел. 8 (775) 822 51 76. Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области». Тел. +7(727)7223227, e-mail: priroda@zhetysu.gov.kz; 329267eco@mail.ru.

ҚР Ақпарат және қоғамдық байланыстар агенттігі

ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ «КЕҢ ДАЛА 2» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАСТАЛДЫ

КЕҢ ДАЛА 2

5%

ЖЫЛДЫҚ СЫАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ

Мемлекет басшысының көктемгі дала жұмыстарының уақытылы жүргізілуін және қолдау шараларын жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы қазанның 1-нен басталғанын хабарлаймыз.

Уақтылы қаржыландыру аграршыларға жаңа ауыл шаруашылығы маусымына тиімді дайындалуға, жанар-жағармай материалдарын тиімді бағамен сатып алуға, тыңайтқыштар алуға, техниканы жөндеуден өткізуге және қажетті тұқым қорын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы кезеңде ресурстарға қолжетімділік – егіс науқанын табысты жүргізудің негізгі факторы болып табылады.

Толық ақпарат Agrocredit.kz сайтында және Call-орталық нөмірлері арқылы қолжетімді: 5353 (Kcell, Activ, Beeline) және +7 775 007 68 07 (Tele2, Altel).

Қоғамдық талқылау

«Витапром» ЖШС: «Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шолақарғалы ауылдық округіне қарасты Қасымбек ауылы, Қасымбек өндірістік кооперативі, №27 жер учаскесі мекенжайындағы қалдықтарды көзде жарату бойынша өндірістік базаны салу» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есепжұмыс жобасының қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2025 жылы 21 қараша күні сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы (Жамбыл ауданының әкімшілік орталығы), Сүйінбай көшесі № 30/1/«А» мекенжайында өтеді.

Географиялық координаттары: 43°17'53.6"C 76°29'31.2"ШБ.

Қоғамдық тыңдауларға «ZOOM» платформасы арқылы онлайн қосылуға болады.

Онлайн қатысу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82111321263?pwd=49w3TPM1imCoEr-Q8R0vNE4UZe6DRQV.1>

Конференция идентификаторы: 821 1132 1263

Қатысу коды: 6KjkqT

Бастамашы туралы мәліметтер: «Витапром» ЖШС, (БСН 201140015035), Алматы обл., Қаскелең қаласы Наурызбай көшесі № 10/1. Байланыс телефоны: +7-701-717-1501, Нимилостев А.П.

Жоба авторлары туралы мәліметтер: «Audit Ecology» ЖШС, (БСН 180840031539), Ақтөбе қаласы, Маресьева көшесі № 77, пәтер 3. Байланыс телефоны 8 (7132) 55-06-08 Алманиязов Г.И.

ҚО және ТРҰДБ веб-сайтына және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Сұрақтар бойынша байланыс ақпараты: vita.prom@mail.ru, байланыс телефоны: 8-707-403-01-31

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электронды түрде Алматы облысы бойынша ТР және ТПРБ, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі № 12 мекенжайы бойынша қабылданады.

Байланыс телефоны 8 (7277) 22-32-27, E-mail: priroda_alm@bk.ru

Алматы облысында туристік ағымның рекордтық өсімі тіркелді. 2025 жылы өңірге 2,5 миллионнан астам адам келді – бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 40%-ға көп.

Демалушылар арасында ең танымал бағыттардың бірі дәстүрлі түрде Қапшағай су қоймасы болып отыр. Биыл жаз мезгілінде мұнда шамамен 1 миллион 800 мың турист тынықты. Қалғандары өңірдің табиғи інжу-маржандарын –

Алматы облысы туристік рекорд орнатты

Көлсай көлдері, Шарын шатқалы және Іле-Алатау ұлттық саябағын таңдады.

Алматы облысы туризм саласында жоғары әлеуеті бар аймақтардың бірі ретінде өз мәртебесін тұрақты түрде сақтап келеді. Мұнда туристік ағым маусымға қарамастан бәсеңдемейді. Биыл шетелдік туристер саны 12%-ға, ал ішкі туризм 25%-ға артқан.

Алматы облысының туризм басқармасының басшысы Қуанышбек Мирамбекұлының айтуынша, биыл өңірдегі үш ұлттық саябақ – «Іле Алатауы», «Көлсай көлдері» және «Шарын» – 700 мыңнан астам адамды қабылдаған.



Қапшағай су қоймасының жағалауы – Қонаев қаласы үлкен сұранысқа ие. Жазғы маусымда мұнда 1,8 миллионнан астам турист келіп, жағажайлық демалыстың рақатын көрді. Сондай-ақ биыл туризм белсенді дамып, жақсы нәтижелер көрсетті.

Шетелдік қонақтар арасында Көлсай көлдері, Шарын шатқалы және Іле-Алатау ұлттық саябағы ерекше танымал. 2025 жылдың тоғыз айында бұл үш нысанға 700 мыңнан астам адам барып, олардың 530 мыңы Көлсай көлдеріне келген. Әр үшінші келуші – шетелдік турист.

Биыл аймаққа Үндістаннан, Парсы шығанағы елдерінен және Ресейден көптеген қонақ келді. Түркиядан келген турист Мерт Фуркан өз әсерімен бөлісті: – Мұнда өте әдемі, маған ұнады. Біздің Түркияда ұқсас жер бар – Ұзынқол, бірақ мұндағы табиғат бізден бай. Жасыл желек көп, суы таза әрі мөлдір. Мен бұл жерлерді көптен көргім келген – бұл ата-бабамыздың жері. Түркі халықтарына осы өңірге келіп, өз көздерімен көруді кеңес беремін.

Туристік ағымның өсуіне инфрақұрылымды дәйекті дамыту ықпал етті. 2025 жылы туристік бағыттарды абаттандыруға 171 миллион теңге бөлінді. Жұмыстар «Көлсай көлдері», «Іле-Алатау» ұлттық саябақтарында және Қонаев қаласында жүргізілуде.

Бұл жерлерде пирстер, экосатылар, кіреберіс топтар мен от жағу аймақтары орнатылып, металл қаңқалы жаңа серуендеу соқпақтары салынды. Бұл шаралар демалушыларға қолайлы жағдай жасауға және өңірдің тартымдылығын арттыруға бағытталған.

Алматы облысының ішкі саясат басқармасы.

Общественные обсуждения

ТОО «Витапром», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: Отчет о возможных воздействиях на проект «Строительство производственной базы по утилизации отходов по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Шолақарғалинский сельский округ, село Касымбек, производственный кооператив Касымбек, земельный участок №27».

Общественные слушания состоятся: 21 ноября 2025 г. в 11:00 ч. по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш (административный центр Жамбылского района), улица Суонбай 30а/1.

Географические координаты: 43°17'53.6"C 76°29'31.2"В.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн на платформе ZOOM. Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке <https://us05web.zoom.us/j/82111321263?pwd=49w3TPM1imCoErQ8R0vNE4UZe6DRQV.1>

Идентификатор конференции: 821 1132 1263

Код доступа: 6KjkqT

Реквизиты Инициатора: ТОО «Витапром», БИН 201140015035, Алматинская область, г.Каскелен, ул.Наурызбай д.10/1 конт. +7-701-717-1501, Нимилостев А.П.

Реквизиты составителей проекта: ТОО «Audit Ecology», БИН180840031539, г.Актобе, ул. Маресьева, 77, кв. 3, конт. 8 (7132) 55-06-08 Алманиязов Г.И.

Ссылка на сайт НБД СОС и ПР и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Контактные данные для вопросов: vita.prom@mail.ru, тел: 8-707-403-01-31

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: УПР и ПР Алматинской области, город Конаев, ул.Курылысшы, 12 тел.:8 (7277) 22-32-27, E-mail: priroda_alm@bk.ru